

ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Қазақстан Республикасының тіл туралы 11-шілде 1997-жылғы заңының 4,7,9 баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі –қазақ тілі. Ата Заңымыздың елге әкелген көптеген өнегелерінің бірі мемлекет құрастырушы ұлт тілі –қазақ тілін мемлекеттік деңгейінде көтеруінде болып отыр. Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі-мемлекеттік тіл. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру – біздің міндетіміз. Сол себепті өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді құрметтейік достар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дағдарыстан жаңару мен дамуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы.-Алматы: ЮРИСТ, 2009. - 24б.
2. <https://abai.kz> порталы,<https://egemen.kz>
3. Универсальный справочник для старшеклассников и студентов казахский язык. Алматы, 1999.
4. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы.
5. Торе Янсон (Tore Janson) «Тіл тарихы» (The History of Languages).

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮШТІЛДІЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Кәрімқұл Н.А

Дарибаева А.Е

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан, Қарағанды қ.

*Қазақстан бүкіл әлемде халқы үштілді пайдаланатын
жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс*

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақ елінің барлық халқының үштілді жетік білуі керек екендігі; болашақ мұғалімдердің сапалы үш тілде білім беруі; ағылшын тілін биік деңгейге көтеру керектігі; Елбасымыздың қойған талабын орындау; үштілділіктің болашақтағы пайдасы;

Кілт сөздер: үштілділік, шетелдік студенттер, тілдік қиындық, әлемдік деңгей, халықаралық рейтинг, жоғары білім, ұлтаралық қатынас.

Қазіргі жиырма бірінші ғасырда үш тілді білу өте маңызды. Бірақ «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – деген ақын Қадыр Мырза Әлінің сөзі

айтпақшы, өз тіліміз әрқашан бірінші орында. Тіл – басты мәдени құбылыс, бәлкім, ұлттық бірліктің басты тетігі, қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі және құдіретті. 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын.



Үштілділік білім әр баланың келешегінің жарқын болуына көмектеседі деп ойлаймын. Ол үшін мұғалімдердің білімді болуы қажет. Менің ойымша мұғалім боламын деген әр адамның үштілді жетік менгеруі өте маңызды. Ол қай пәннен сабақ берсе де. Себебі білім беруде математика, химия, биология бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру қажет. Бірақ та кейбір мұғалімдерде ағылшын тілін жетік меңгерген деген куәлік бола тұра шын мәнінде олай болмаса бұл өте дұрыс емес. Мұғалім жан жақты болуы керек емес пе?! Сондықтан менде болашақта үштілді меңгерген, өз пәнін меңгерген ұстаз болу арманым. Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек» деген ойында «Шығармашыл ұстаз шығармашыл шәкірт дайындайды» деген ой айқын көрінеді. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет ауыр» — делінгендей, жастарды сауатты баулысақ болашағымыздың жарқын болатыны белгілі. Және де тек қана мұғалімдерді емес мектеп директорларының ағылшынды жетік білуі маңызды.

«Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы», - деп Б. Хасанұлы анықтама бергендей, бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынуда. Шет елдік студенттер - өз елдерінде қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің дәстүрлерінің таратушысы. Олар қай елде жүрсе де өз туған жерін ұмытпайды. Шет елде үш тілді де негізге алып даму үстінде жүрген студенттер. Тілдік қиындық қай кезде де кездеседі. Бірақ оған мойымай ары қарай өзімізді дамыту біздің қолымызда.



Біздің елде де үштілділік біртіндеп дамып келе жатыр. Тілдік білім әрбір адамға қажет. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік оқытуына қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Президентіміздің айтуы бойынша әрбір адам өзінің мемлекеттік тілін, орыс тілін, ағылшын тілін жетік меңгеруі керек. Мәліметтерге сүйене отырсақ Қазақстанның 33 мектебінде үш тілде сабақ беріледі. Үш тілде білім алған балаға жаһандық деңгейге шығуға жол ашады. Әр Бала тілдерді көп біле берген сайын қызығушылығы оянып, ойлау қабілеті, білім деңгейі де артады. Кей адамдар бұл жайтты жақтамай да жатады. Неліктен? Біз тәуелсіз Қазақстанда тұрып жатырмыз тек өз тілімізде сөйлеуіміз керек дегендей. Бірақ та әр затқа келіспей тұрып бірінші ақ қарасын болжап көру керек емес пе? Негізінде алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренседе, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады.

Үштілділік — халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде керек болған жағдайда үштүрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы. Мысалға үштілділіктің арқасында Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлттар қазақ тілін жетік біліп тұрады, бұның өзі ғажап емес пе? Сонымен қатар олардың бірін бірі ортақ ақпаратты жақсылап түсінуіне керемет мүмкіндік. Болашақтың бастауы жастар болғандықтан, қазіргі жастардың ағылшын тілін білуі IT-технология, биомедицина секілді салалардың ағылшын тілінде де жоғарғы сапалы ақпараттарын меңгеруге мүмкіндік алады. Ағылшын тілін меңгеріп жатқан халық көп емес болса да, меңгеріп жүргендер жетерлік. Шетел тілі арқылы оқушылар әлемді таниды, тілін оқып жатқан елдің мәдениетімен, өмірімен танысады. Шетел тілінде оқушылар дұрыс қарым-қатынас жасай алу үшін, олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілі 2 сыныптан бастап қолға алынады. Ал қазіргі жастарды алатын болсақ үйренем дегендер күннен күнге көбеюде. Қазіргі заманда ағылшын тілі «21 - ғасырдың», халықаралық бизнес, қазіргі ғылым мен технологиялар тілі мәртебесіне ие болды. Ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен әлемдік деңгейде өз орнын ойып тұрып ала бастаған Қазақстан үшін қажеттілік. Қиындық туғызатыны - үш тілді меңгерген мамандардың аз болуы. Қазақ, ағылшын, орыс тілі қатысқан үштілділікті дайындау кезек күттірмейтін мәселе.

Елбасымыз «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» - деген. Сондықтан, ағылшын тілін

білмей, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Ағылшын тілін меңгерудің халықаралық рейтингі бойынша Қазақстан 63 елдің арасында небәрі 54-ші орында. Бұл Қазақ елі үшін өте – өте төмен нәтиже болып табылады. Қазіргі балалар болсын жастар болсын өте ақылды, алғыр. Олардың бұған қабілеті жетеді. Балалық жаста әр жаңа ақпаратты үйренуі миларына өте жақсы қонады. Ата-аналар өз балаларының қабілетіне, болашағына сенсе, олардың өмірде табысты болуын қаласа, үштілділік тұғырына түсіністікпен қарауы керек. Жастар тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар, барлық әлемде бәсекеге қабілетті болуын, жақсы жұмысқа орналасуы әр ата – ана үшін мәртебе. Бірнеше тілді білу біздің өміріміздің шекарасын байытады және кеңейтеді. Қазіргі әлемде белсенді және ынталы адамдар үшін шет тілін білу норма болып табылады, егер сіз бірнеше тілде еркін сөйлесеңіз, бұл сіздің өмірлік болашағыңызды арттырады. Әрине, тіл үйрену оңай емес. Дегенмен, біздің әлемде бәрі мүмкін, ең бастысы - өз күшіңізге берік сенім. Өзіңнің қалауың бар жерде, мүмкіндікте бар дейді ғой. Сондықтан әр адам өз қалауың орындау үшін бірінші қадам жасауы тиіс. Болашақта үштіліді меңгерген, білімді жастарымыз көбейсе, Қазақстан үшін жоғарғы нәтиже болып табылары сөзсіз. Білекке емес, білімге сенетін заманда есемізді ешкімге жібермейік! – деген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының өсиетін орындайық!



Қорыта келсек, ұлттың дамуы, «Мәңгілік Ел» қатарына қосылуы, бірінші кезекте ұлттық кодынды сақтай отырып, жаһандану дәуіріне өзіндік ұлттық ерекшелігімен дендей еніп, әлем мойындар бәсекеге қабілетті озық елдердің қатарына қосылу мақсатымыз. Алдағы 10 жылда көп заттар өзгеріп Қазақстан жоғарғы дәрежелі мемлекет боларына сенемін. Сол үшін менде әрекет жасаудан тайынбаймын. Себебі болашақ жастардың, яғни біздің қолымызда. Үштілді жетік білген мемлекет қай кездеде даму үстінде болады. Қай кезде болмасын өзін көрсете алады. Қазақ елінің дәрежесін көтере алады. Біз болашағы жарқын елдің ұрпақтарымыз. Сол себепті даму үстіндеміз. Сондықтан, менің ойымша болашақ үшін үштілділік өте қажет деп ойлаймын, және де соны бар халыққа айтқым келеді. Біз халыққа қалай түсіндірсек, халық оны солай қабылдайды. Сондықтан, әр ақпаратты халыққа түсіндіріп, олардың болашаққа деген көзқарастарын өзгерткім келеді. Айтып өткендей, үштілділіктің болашағы жарқын екенін, әр адамның даму үстінде

болуы . Үштілділік қазақ тілінің даму көкжиектерін кеңейтеді. Ол адам өміріндегі жетістіктің бірінші қағидасы екенін ұғындыру. Оны бүгінгі заман талабы ретінде қабылдауымыз қажет. Біз өз мемлекетіміздің дүниежүзілік деңгейдегі беделінің өсіп, 50 елдің қатарында олармен сөйлесе алуымыз үшін қазақ орыс тілдерімен қатар ағылшын тілінде де сөйлеп тұрсақ, деңгейімізді танытқандығымыз емес пе?! Адам бала кезінен қалыптасады. Мектепке дейінгі жастан бастап баланың болашақ тұлға, өз елінің азаматы ретінде негізі қаланады. Ұстаздардың алдында тұрған басты мақсаттардың бірі – Отанға, туған елге, туған жерге, өз халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Үштік тілге үйрету оқыту сабақтарын мағынасын іріктеу кезінде бірқатар ұстанымдарды ескеру өте қажет. Басты ұстанымның бірі – тәрбие мен оқуды күніге әдетке айналдыру. Бұны үйретуге жастарымызды жатпайтұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз. Олай болса, көптілділік, үш тұғырлы тіл ұлт келешегінің де, ұрпақ келешегінің де кілті екендігі әрқашан әрқайсымыздың қаперімізде болсын демекпіз.

Әдебиеттер тізімі :

1. Бозова С.У . Кәсіптік тілдің кепілі – үштілділік. - 2017. Назар Қасым. Егемен Қазақстан – 2016 . Дуйсеналиева М.О. Үштілділік заман талабы. 2019.

ҒАЛАМДЫҚ ЖАҒАНДАНУДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ МЕН ОНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ

Курманбаева А.М.

(ғылыми жетекші-аға оқытушы Отыншиева М.Т.)

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан, Қарағанды қ.

Аңдатпа: Бұл мақалада еліміздегі заман талабына сай үштілділік білім берудің жан-жақты мәселелері, өзге тілді меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдері, сондай-ақ адамның көзқарасын жаңаша түсінікпен қалыптастыратындай, өзекті де, өзгеше ұғымдар қарастырылған. Қазақстанда ағылшын тілі әлемдік тіл болып танылмағанымен, ол жаһанданған мына заманда ғылыми тіл ретінде аса маңызды рөлге ие. Қай тараптан қарасақ та, ағылшын тілінің біздің даму жолымызда алар үлесі молынан болмақ екені мақалада жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: жаһандану, үштілділік, ұлтаралық, үштұғырлы, рухани.

Тіл-кез келген саланың басты қажеттілігі екені айтпаса да түсінікті. Осындай дамудың бағыт-бағдарын дұрыс бағамдай білген мемлекетіміз заман ағымын сараптап, саралай отырып әлемде кең қанат жайған тілдерді